

**Орман қоры жерінің жекелеген учаскелерін елді мекендер жеріне ауыстыру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 9 қарашадағы N 1115 Қаулысы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 130-бабына , Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 шілдедегі Орман кодексінің 51-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ақмола облысы Ақкөл ауданының аумағындағы "Ақкөл" ормандар мен жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесінің жалпы алаңы 291,4 гектар жер учаскелері қосымшаға сәйкес орман қоры жерінің санатынан елді мекендер жерінің санатына ауыстырылсын.

**Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.04.07 № 406 Қаулысымен**

2. Ақмола облысының әкімі жер учаскелерін жеке және заңды тұлғаларға беру кезінде орман және ауыл шаруашылығы алқаптарын орман және ауыл шаруашылығын жүргізуге байланысты емес мақсаттарда пайдалану үшін оларды алып қоюдан туындаған орман шаруашылығы және ауыл шаруашылығы өндірісінің шығындарын республикалық бюджеттің кірісіне өтеуді қамтамасыз етсін.

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.04.07 № 406 Қаулысымен.**

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2005 жылғы 9 қарашадағы  
N 1115 қаулысына

қосымша

**Орман қоры жерінің санатынан елді мекендер жерінің санатына ауыстырылатын Ақмола облысы Ақкөл ауданының аумағы жерінің экспликациясы**

**Ескерту. Қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.04.07 № 406 Қаулысымен.**

Жер пайдаланушының атауы	Жалпы алаңы , гектар	оның ішінде:				
		орман өскен	егістік	шабындық	жайылым	басқа жерлер
" А қ к ө л " ормандар және жануарлар дүниесін қорғау	291,4	9,2	9,7	32,8		37,4

жөніндегі мемлекеттік мекемесі					202,3	
--------------------------------------	--	--	--	--	-------	--

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК